



Автор: Балмагамбетова Жайнагуль Амангалиевна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Саяхат
Тақырып: з дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Табиғатқа саяхат. 3 дыбысы мен әрпі.
Күтілетін нәтиже:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	шаттық шеңбер
Сабақтың ортасы (9 минут)	№1 Жаңылтпашты жаттап ал. Үйден мысық шықты, Үйшіктен күшік шықты. Күшік мысықтан күшті шықты, Мысық күшіктен ықты. №2 Сөзжұмбақты шеш. Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз.	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс Сергіту сәтіне арналған жинақ
Сабақтың соңы (8 минут)	№3 Мақалды оқы. Мағынасын бір-біріңе түсіндір. Оқу-инемен құдық қазғандай. №4 Ойлан, тап. Түзу ағаш. Таза жейде. Аз жапырақ.	Оқулық, дәптерлер.
Рефлексия (2 минут)	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім	смайлик